

**Астана қаласы әкімдігінің «№1 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» ШЖҚ МКК
Байқау кеңесінің күндізгі отырысының
№ 2 хаттамасынан үзінді**

Астана қ.

№ 2

2025 жылғы «27» мамыр

Орналасқан жері: Астана қаласы, Алматы ауданы, Тәуелсіздік даңғылы, 11/1 ғимарат

Ашылу уақыты мен отырыс өтетін орны: сағат 11:00, № 101 кабинет

Байқау кеңесінің мүшелері қатысты:

1. Петухова Надежда Михайловна – «Еуразиялық медициналық қауымдастық» ЗТБ вице-президенті;
2. Тажибай Бахытжан Арынович – Денсаулық сақтау қызметкерлерінің Қазақстандық салалық кәсіподағының төрағасы (on-line);
3. Искалиев Азат Маратович – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің өкілі.

Байқау кеңесінің мүшелері қатысқан жоқ:

4. Досмырзаева Гульназ Толенкызы - Астана қаласы әкімдігінің Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары;
5. Саматова Акмерей Габитовна - Астана қаласы әкімдігі Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының ана мен бала денсаулығын сақтау бөлімінің басшысының м.а.

Кворум туралы ақпарат: бар.

Байқау кеңесінің хатшысы: Тойманова Аяна Казезовна

Шақырылған тұлғалар:

1. Астана қаласы әкімдігінің «№1 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» ШЖҚ МКК директоры – Шаймердинова Асель Хабдулкамаловна.
2. Директордың экономикалық қамтамасыз ету және қаржы жөніндегі орынбасары-Имашева Айнагуль Капашевна.
3. Ішкі аудит қызметінің қаржылық аудиторы - Сауденов Арман Хази-Акбарович.

КҮН ТӘРТІБІ:

Шаймердинова А.Х.: Қайырлы күн, құрметті Байқау кеңесі отырысының қатысушылары! «Байқау кеңесінің құрамын бекіту туралы» 2023 жылғы 3 наурыздағы № 96-Ө бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Астана қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы басшысының 2025 жылғы 26 мамырдағы № 127-Ө бұйрығына сәйкес «№ 1 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» ШЖҚ МКК Байқау кеңесінің жаңа құрамы бекітілді.

Құрамына кірді:

1. Петухова Надежда Михайловна – «Еуразиялық медициналық қауымдастық» ЗТБ вице-президенті;
2. Тажибай Бахытжан Арынович – Денсаулық сақтау қызметкерлерінің Қазақстандық салалық кәсіподағының төрағасы (on-line);
3. Искалиев Азат Маратович – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің өкілі.
4. Досмырзаева Гульназ Толенкызы - Астана қаласы әкімдігінің Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары;
5. Саматова Акмерей Габитовна - Астана қаласы әкімдігі Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының ана мен бала денсаулығын сақтау бөлімінің басшысының м.а.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе – «№1 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» ШЖҚ МКК Байқау кеңесі төрағасының кандидатурасын сайлау.

Кәсіби тәжірибені, құзыреттіліктің жоғары деңгейін және мекеменің дамуына қосқан елеулі үлесін ескере отырып, Байқау кеңесінің төрағасы лауазымына Петухова Надежда Михайловнаның кандидатурасын бекітуді ұсынамын.

Ұсыныс бар ма? Егер ұсыныс болмаса ұсынылған кандидатураға дауыс берулеріңізді сұраймын.

Тажибай Б.А.: Надежда Михайловнаның кандидатурасын қолдағым келеді.
Искалиев А.М.: Қолдаймын.
Петухова Н.М.: Рахмет.

Бірінші сұрақты қарастыра отырып, Байқау кеңесі, **ШЕШТІ:**
- «№1 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» ШЖҚ МКК Байқау кеңесінің төрағасы болып Петухова Надежда Михайловна сайлансын.

1. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша:

1) Енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, 2025 жылға арналған жартыжылдық нақтылаудың I бөлігінде 2022-2026 жылдарға арналған нақтыланған Даму жоспарының жобасын қарау.

Байқау кеңесі күн тәртібінің екінші мәселесін қарастыра отырып, **ШЕШТІ:**
- Енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, 2022-2026 жылдарға арналған нақтыланған Даму жоспарының жобасын 2025 жылға арналған жартыжылдық нақтылаудың I бөлігін келісу.

2. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша:

2) «№1 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» ШЖҚ МКК қатысты жүргізілген мемлекеттік аудиторлық іс-шараның және өзге де бақылау тексерулерінің нәтижелері туралы ақпарат.

Байқау кеңесі күн тәртібінің үшінші мәселесін қарастыра отырып, **ШЕШТІ:**
- «№1 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» ШЖҚ МКК қатысты жүргізілген мемлекеттік аудиторлық іс-шараның және өзге де бақылау тексерулерінің нәтижелері туралы ақпарат назарға алынсын.

3. Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша:

3) «№1 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» ШЖҚ МКК Ішкі аудит қызметінің 2025 жылға арналған тәуекелге бағдарланған жылдық аудиторлық жоспарын бекіту.

Байқау кеңесі күн тәртібінің төртінші мәселесін қарастыра отырып, **ШЕШТІ:**
- 2025 жылға арналған «№1 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» ШЖҚ МКК Ішкі аудит қызметінің тәуекелге бағдарланған жылдық аудиторлық жоспары бекітілсін.

4. Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша:

4) «№1 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» ШЖҚ МКК Ішкі аудит қызметінің ережесі мен лауазымдық нұсқаулықтарын бекіту.

Байқау кеңесі күн тәртібінің бесінші мәселесін қарастыра отырып, **ШЕШТІ:**
- «№1 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» ШЖҚ МКК Ішкі аудит қызметінің ережесі мен лауазымдық нұсқаулықтары бекітілсін.

Хатшы

А. Тойманова